

Тастандиева Н.Б.
**Агроөнеркәсіп кешенінің
инфрақұрылымдық дамуы**

Нарықтық экономикада инфрақұрылымның кешенінің дамуына бүтіндікте біраз үлкен көңіл аударылған, себебі ол агроөндіріс нәтижесіне біршама әсер етеді. АӨК инфрақұрылымдық дамуы инновация дамуының барлық аграрлық сектордың жай-күйін өзгерте алатынындай бір облыс ретінде қарастырылады. Қазіргі жағдайдағы АӨК инфрақұрылымдары өндіріс және азық-түлік өнімдерін тұтынуды байланыстырушы интегралды АӨК инфрақұрылымның элементі ретінде қарастырылады. АӨК инфрақұрылымының интегралдық ерекшелігін бөлу өте маңызды шарт деуге болады, себебі, инфрақұрылымның қамтамасыз етуінің бір түрі қажеттілікті қанағаттандыру үшін жеткілікті деңгейде дамыса, басқа түрлері – дамымаған болып келеді, бұдан барлық инфрақұрылымдық жүйенің қажетті деген үйлесімді түрдегі дамуын қамтамасыз етпей АӨК қызметінің нәтижелерінің жоғарылау деңгейіне қол жеткізу мүмкіндігі азаяды. Берілген мақалада агроөнеркәсіптік кешенінің инфрақұрылымдық дамуына мемлекеттің тарапынан жүргізіліп отырған қажетті шаралар нәтижесі қарастырылады. Автор өз кезегінде агроөндірістік кешенінің дамуының жақсаруына әсер ететін шараларды ұсынады.

Түйін сөздер: инфрақұрылым, агроөнеркәсіп кешені, инновация, агроөндірісті ұйымдастыру, агробизнесі дамыту, мемлекеттік қолдау шаралары.

Tastandiyeva H.
**Infrastructure development of
agroindustrial complex**

In a market economy on the development of the infrastructure of the complex as a whole paid to a lot of attention because it has a significant impact on the results agroindustrial production. Infrastructure development of the agribusiness is seen as an area in which the development of innovations capable of changing state of the entire agricultural sector. Infrastructure agrarian and industrial complex in modern conditions is regarded as an integral element of the infrastructure of AIC, connecting production and consumption of food products. Isolation of the integral nature of Agrarian and industrial complex infrastructure seems very important, as if some species infrastructural maintenance will be developed sufficiently to meet the needs of agricultural production, while others do not, then improving to achieve the final results of the AIC fail – need a harmonious and balanced development of all infrastructure subsystems. In this article proposes necessary measures to support infrastructure development of agro-industrial complex by the government. The author proposes measures that contribute to the improvement and development agro-industrial complex.

Key words: Infrastructure services; agroindustrial complex; innovation; the organization of agricultural production; government support measures.

Тастандиева Н.Б.
**Инфраструктурное развитие
агропромышленного комплекса**

В рыночной экономике развитию инфраструктурного комплекса в целом уделяется достаточно большое внимание, поскольку он оказывает значительное влияние на результаты агропроизводства. Инфраструктурное развитие АПК рассматривается как область, в которой развитие инноваций способно изменить состояние всего аграрного сектора. Инфраструктуры АПК в современных условиях рассматривается как элемент интегральной инфраструктуры АПК, связующий производство и потребление продовольственной продукции. Выделение интегрального характера инфраструктура АПК представляется очень важным, так как если одни виды инфраструктурного обеспечения будут развиты в достаточной степени для удовлетворения потребностей агропроизводства, а другие нет, то добиться повышения конечных результатов деятельности АПК не удастся – необходимо гармоничное и сбалансированное развитие всех инфраструктурных подсистем. В данной статье рассматриваются результаты, необходимые меры по поддержке инфраструктурного развития агропромышленного комплекса со стороны государства. Автор предлагает меры, которые способствуют улучшению и развитию агропромышленного комплекса.

Ключевые слова: инфраструктурные сервисы, агропромышленный комплекс, инновации, организация агропроизводства, развитие агробизнеса, государственные меры по поддержке.

АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНІҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУЫ

Агроөнеркәсіп кешенінің (АӨК) инфрақұрылымдық дамуын қамтамасыз ету мәселесі ауылшаруашылық өндірісі инфрақұрылымына жеткілікті анық экономикалық мағына бөлу және оның арнаулы теориялық-әдістемелік зерттеуінің тәсілдерін қалыптастыру кеңес экономикасы аумағынан бастап зерттеліп келеді [1, 2].

Аграрлық сектордың инфрақұрылымдық қызмет көрсету әсерлеріне нақтылау және сервистерін тәптіштеу, инфрақұрылымдық қамтамасыз етуінің жеке бағыттарын өткізу инфрақұрылым қызметінің аясын өзіндік мазмұнымен анықтауға мүмкіндік береді. АӨК инфрақұрылымының интегралдық ерекшелігін бөлу өте маңызды мәселен, егер инфрақұрылым қамтамасыз етуінің бір түрі агроөндірісіне қажеттілікті қанағаттандыру үшін жеткілікті дәрежеде дамыған болса, ал басқа түрі – дамымаса, онда барлық инфрақұрылымдық жүйенің керек үйлесімді және теңгерімді түрдегі дамуын қамтамасыз етпей АӨК қызметінің шекті нәтижелердің жоғарылауы деңгейіне қол жеткізу сәтті болмайды.

АӨК инфрақұрылымын біршама деңгейде дамыту ең айырмашылық қасиетке ие аграрлық қызметтің өзіне тән ерекшелігімен анықталады:

- мамандандыру және өндіріс ауқымы (оның ішінде саны және шоғырлануы) едәуір дәрежеде жергілікті табиғи-климаттық шарттармен анықталады;
- аграрлық өндірісті техникалық-экономикалық қайта құру табиғи қорлардың мүмкіндіктерімен ғана емес сонымен қатар, өндірістің техникалық жабдығымен және оның кадрлық қамтамасыз етуімен де шектеліп отырғандығы;
- экономиканың сауда, өнеркәсіп және де басқа салаларына қарағанда аграрлық бизнес едәуір ұзақ мерзімдік инвестициялық жобаларын қажетсінеді. Бұл әсіресе жерді мелиорациялау, көп жылдық екпе ағаштарды өсіруге арналған шараларға қатысты және тағы басқалар;
- агроөнеркәсіп кешенінің әртүрлі саласындағы құралдардың айналымдылық мерзімдері әртүрлі болып келеді, алайда олардың барлығы да жылдық айналым цикліне қандай да бір деңгейде байланысады. АПК кәсіпорындарының маусымдық жұмысы өндірістің қызмет етуі үздіксіз қамтамасыз етілуіне

қажетті тауарлық-қаржылық ресурстардың жеткізілімдеріне ерекше уақытша талаптар қояды.

Экономиканың аграрлық саласының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ішкі нарыққа жететіндей тұрғыда тиімді мөлшерде өнім өндіру, сондай-ақ экспорттық әлеуетті қалыптастыру мақсатында бірқатар инновациялық шараларды іске асыру қажет. Атап айтсақ:

– *біріншіден*, өткізу нарығы бар өнім өндірісіне екпін түсіру, ең алдымен, импортты алмастыру және экспортқа жол ашу;

– *екіншіден*, озық технологияны енгізуді және өндірістің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуды ынталандыру;

– *үшіншіден*, келешегі бар бағыттарды нақтылау шараларын және мамандандырылған аймақтарда шеберлік-жоспарлардың болжамдылығын жетілдіруді күшейту.

Қайта өңдеу саласын дамыту үшін, алдымен, қайта өңдеу кәсіпорындарын техникалық және технологиялық қайта жабдықтау қажеттігі туындайды. Сонымен бірге, қайта өңдеу қуаттылығын сапалы шикізатпен толықтай қамтамасыз ету жөнінде де атқарылтын жұмыстар бар. Өндірілген өнімді өткізуге жағдай жасауда отандық өндірушілерге қолдау көрсету мақсатында мемлекет бірқатар шараларды іске асырып жатыр. Экспорттық әлеуетті дамыту үшін басты назар инвестициялық жобаларға аударылуы тиіс. Осыған орай біршама істер атқарылуда, атап айтқанда инфрақұрылымы дамыған мал бордақылау, биязы жүнді қой шаруашылығын жандандыру, жеміс-көкөніс өнімдерін қайта өңдеу, астықты терең әдіспен қайта өңдеу технологиясын дамытуға көңіл бөлінуде.

Тамақ өнімдерінің өндірісі мен ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеудің барлық түріне қосылған құн салығының жеңілдікті мөлшері қарастырылуы тиіс, сонда ғана қайта өңдеген шикізат көлемін субсидиялау арқылы отандық ауылшаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу үлесі арттырылады. Ел ішінде қайта өңделген өнімдерді өткізетін тұрақты базар ашу, оның ішінде көліктік-логистикалық жүйе құру да негізгі міндет. Шетелдік стандартты енгізген қайта өңдеу кәсіпорындарының санын 2015 жылға дейін 420 бірлікке жеткізу көзделуде. Егер сәйкесті ғылыми және кадрлық қамтамасыз ету болмаса, агроөнеркәсіптік кешен салаларын тиімді және толық ауқымда дамыту мүмкін емес. Аграрлық ғылымды дамытудың және мамандарды дайындаудың басты жолы да осындай мақсаттарға бағындырылған.

2014 жылға дейін жоғары білімді мамандармен сұраныстың 98%-ы қамтамасыз етіледі (техникалық және кәсіптік ортаңғы буын – 89,2%, бастапқы буын 82,5% дейін). Өзектілік және бағдарлама тапсырмаларының ауқымы бізден тездетілген ірі тауарлы өндіріске өтуді, алдыңғы қатарлы технологиялар жүйесін енгізуді, сонымен қатар ауылшаруашылық өнімдерін барынша сапалы дайындауға күш жұмсауды талап етеді, қазіргі таңда агроөнеркәсіптік кешеннің даму мәселесі экономикалық саясаттың басты басымдықтарының бірі. Сонымен қатар оның әрі қарай бәсекеге қабілеттілігін нығайту мақсатында арнайы шаралар қабылданып жатыр. Бүгінде агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты даму тұжырымдамасы іске асырылуда [3].

Соңғы жылдары аграрлық саланы мемлекеттік қолдау тетіктері айтарлықтай өзгертіліп, оларға ынталандырушы бағыт берілді. Осының арқасында, ауылшаруашылығының негізгі капиталына инвестициялар ұлғаюда. Мәселен, егер 2000 жылы саланың негізгі капиталына инвестиция көлемі 8,2 млрд теңгені құраса, 2010 жылы 83,5 млрд теңгені құрады немесе 2000 жылға қарағанда 10 есе артты.

Несие беру бағдарламалары шеңберінде ауылшаруашылық тауарларын өндірушілердің қажеттіліктеріне бағдарланған егіс жұмыстарын жүргізуге, ауылдық тұтыну кооперативтеріне жеңілдетілген несие беру, ауылшаруашылық техникасы мен технологиялық жабдық лизингі, ауылдық несие серіктестіктері жүйесі, шағын несие беру, астық қолхаттары және оларды кепілдік ретінде пайдалану секілді қаржы құралдарының жүйесі қалыптасты.

Қазақстанның тәуелсіздігі жылдары тамақ өнеркәсібінде оның әрі қарай беталысы мен даму динамикасын алдын ала анықтап берген маңызды құрылымдық өзгерістер болды. Бұл сала өңделетін өнеркәсіп құрылымының бесінші бөлігін құрайды. Тек 10 жылдың ішінде орташа жылдық өсу қарқыны 8-10%-ды құрады. Бұл ішкі нарықтағы негізгі азық-түлік тауарларының үлес салмағын айтарлықтай дәрежеде ұлғайтуға мүмкіндік берді.

2003-2011 жылдары ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдейтін кәсіпорындарға республикалық бюджеттен 18,6 млрд теңгеден астам қаражат бөлінді. Аталған қаражат қайта өңдеушілердің қаржы институттарының несиелері бойынша төлейтін сыйақы мөлшерін орта есеппен жылдық 14,6%-16,0%-дан 4,1% – 5,4%-ға төмендетуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ, несиелер бойынша сыйақы мөлшерін субсидиялау 9 жыл

ішінде салаға қосымша қаржы институттарының жалпы сомасы 307 518,0 млн теңге несие ресурстарын тартуға мүмкіндік берді, яғни бюджеттік субсидияның әр 1 теңгесі 16,6 теңге несие қаражатын тартты және бюджетке шамамен 4 теңге салық түсімінің қайтарылуын қамтамасыз етті [4]. Тағы айта кететін жағдай, тәуелсіздік жылдарында аграрлық саланы мемлекеттік қолдауды іске асыру тиімді бәсекеге қабілетті агроөнеркәсіптік өндірісті дамыту, импортты алмастыру, экспорттық мүмкіндіктерді кеңейту және ауыл халқының өмір сүру деңгейі мен әл-ауқатын жоғарылату үшін қажетті жағдайлар жасауға мүмкіндік бергенін айта кеткен жөн.

Өндіріс технологиясының өзгеруі, дамыған ауылшаруашылығында өндірістің қарқынды мамандануы және шоғырлануы, санды және сапалы ауылшаруашылығы жиһазымен жабдықталу жағдайы осы заманғы техникаға және ауылшаруашылығын механикаландыру құралдарына сұраныстың себепші болатын факторлар болып табылады.

Біздің еліміз аграрлы болғанымен, Қазақстанда бұл сала бойынша беделді кәсіпорындар құрылған жоқ. Сондықтан біздің егіс алқаптарында Ресейде шығарылған «Дон», «Енисей» комбайндары астық орады. Оны Украина мен Беларусьте жасалған МТЗ, ХТЗ және «Беларусь» тракторлары қырманға тасиды. Тіпті «КамАЗ» және МАЗ көліктері де өзге жерлерден жеткізілді. Айналып келгенде, біз қаншама астықты қамбаға құйып жатсақ та, техника жөнінен өзгеге алақан жайып келдік. Қазіргі жағдайымыз да соған ұқсас. Сыр өңіріндегі егіс алқаптарында жүрген комбайндардың барлығы өзге мемлекеттер өнімі болып табылады. Олардың қатарында Ресейден шыққан «Енисей» және «Дон» комбайндары басым. Тіпті АҚШ-тың «Джон Дир» комбайны да ара-тұра кездесіп қалады. Италияның «Лавердасын» да қажетіне жаратып жүрген диқандар баршылық. Әрине, олардың барлығы лизингілік жолмен келген. Оның ақшасын бірнеше жыл бойы төлеп отырады. Облыстағы машина-трактор парктері әбден ескірген. Ауылшаруашылығы техникаларын әрбір он жыл сайын жаңартып отыру керек екен. Сондықтан қызылордалық диқандар үшін бұл басты проблеманың біріне айналып отыр деуге негіз бар. Маңдай термен тапқан қаншама табысты қарызды жабуға жұмсап отырады. Ол ауылшаруашылығы тауарларын өндіретін шаруашылықтар үшін біраз салмақ болады десек, артық емес [5].

Алдағы уақытта Сыр өңірінде «Сампо Розенлев» комбайнын құрастыру жоспарланып отыр.

Жарты ғасырдан астам уақыттан бері осы жұмыспен айналысып жүрген фин компаниясымен бірлесе отырып жүзеге асатын жоба қаншалықты өзін-өзі ақтай алады деген ащы сұрақ көкейді теседі.

Еліміздің «ҚазАгроқаржы» компаниясы арқылы соңғы он жылда 130 млрд теңгенің ауылшаруашылығы техникалары Қазақстанға жеткізілгенін ескерсек, қаншама қаржыны өзгеге жұмсап, өзге елдің кәсіпорындарын қолтықтан демеп отырмыз. Сол себепті осындай өте қажетті техникаларды Қазақстанда құрастырсақ, қолымызды ешкім қаға қоймайтыны анық. Бұл тұрғыда еліміздің ғылым саласына артылар міндет үлкен. Өзіміздің төл техникамызды қашан жасаймыз? Рас, елімізде бұл бағытта біршама жұмыс атқарылуда. Дегенмен де ойланатын жайт бар, ол егіс алқабында жоғары деңгейде жұмыс істей білетін өз техникамызды өндіріске енгізу бүгінгі күннің басты мәселесінің біріне айналуы керек.

Ауылшаруашылық өндірісіне қойылып отырған тағы бір өткір мәселе – дайындау деңгейі қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келетін, АӨК-ді басқару кадрларымен және мамандарымен қамтамасыз ету. Кадрлық қамтамасыз ету мәселесіне тоқталатын болсақ, есеп бойынша 4046 ауылшаруашылығы кәсіпорындарының ішінде тек 440-ы ғана білікті кадрлармен қамтамасыз етілген, оларда 1006 маман жұмыс жасайды, соның ішінде 342 агроном, 328 мал дәрігері, 36 инженер-механиктер бар. Бұл бұрынғы кеңес одағы кезіндегі білікті мамандар кезіндегі есептің бір бөлігі ғана. Қазіргі уақытта АӨК-нің ауылшаруашылығы кәсіпорындарын барлық деңгейдегі білікті мамандармен қамтамасыз ету жағдайы өте қиын болып отыр. Ауылшаруашылығы мамандарын даярлайтын кәсіптік мектептердің оқыту-материалдық базасы нашар, оқыту мектептерінде оқулықтар мен методикалық құралдар өте ескірген, жаңа технологияларды пайдалану және практикалық дайындықтан өту үшін базалық кәсіпорындар жоқ деп айтуға болады. Әйтсе де, оқу орындарына 12700 га ауылшаруашылығы жерлері бекітілген, оның 4900 га егістік және 7800 га пішендіктер мен жайылымдар, әртүрлі үлгідегі 59 тракторлар, 36 автокөліктер мен 12 комбайндар бар [4]. Алайда, қазіргі ауылшаруашылығы машиналары мен техникаларының паркі ескірген, кәсіптік лицейлер қазіргі заманғы ауылшаруашылығы техникаларымен нашар жабдықталуы жастарды аграрлық профилдің мамандықтары мен жұмысшы

кәсіптерін игеруге тартудың тежеуші факторы болып табылады.

Осыған орай Қазақстан Республикасының 2006-2011 жылдарға арналған агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың Тұжырымдамасына сәйкес АӨК қажеттілігін қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келетін, төмендегідей мамандықтар бойынша білікті мамандармен қамтамасыз ету шаралары жоспарлануда [5]:

– жоғары білімді: ауылшаруашылығы өндірісінің инженер-механигі, агротехникалық сервис инженер-механигі, инженер-гидротехник, инженер-техноло), азық-түлік өнімдерінің инженер-механигі, агроном-тұқымшы және т.б.;

– орта кәсіптік білімді: ауылшаруашылығы техникасының қызмет көрсету және жөндеу бойынша техник-механигі, ауылшаруашылығы өндірісін механизациялау бойынша техник-механигі, техник-электрик, техник-гидромелиоратор, азық-түлік өнімдерінің технологы және т.б.

Бағдарлама шараларында барлық деңгейдегі аграрлық білім беретін мекемелерде оқытудың мерзімділігі мен агроөнеркәсіптік кешен қажеттілігін ескере отырып, басшы жұмысшыларды, мамандар мен жұмысшы кадрларды кәсіби қайта дайындау көлемін ұлғайту және біліктілігін арттыру қарастырылуда. Жыл сайын 900-ден аз емес кадрлардың біліктілігін арттыру жоспарлануда. Көптеген жылдар бойы өнімді еңбекке ынталандыру тетіктерін жете пайдаланбағандықтан аграрлық салада терең дағдарыс қалыптасты. Одан шығудың бірден-бір жолы, сөзсіз, осы салада кешенді және жүйелі түрде экономикалық реформа жүргізу еді. Ал оның қалай жүзеге асырылып жатқандығына талдау жасайтын болсақ, ең алдымен нарықтық қатынастарға көіпу тактикасындағы орын алған қателіктерді атап өту керек. Бұл ауыл және барлық халық шаруашылығында реформа жүргізудің стратегиялық бағытын жүзеге асыруда қолдан жасалынған қиыншылықтар тудырды.

Агроөнеркәсіп кешенінің 1-ші және 3-ші сала кәсіпорындарының монополиялық жағдайында бағаны біржақтылы босату, жекешелендірудегі ұйымдық-экономикалық және құқықтық ретсіздік, жергілікті жерлердегі өз бетімен кетушілік ұдайы өндіріс процесінің бұзылуына, қоғамдағы дағдарыстық жағдай мен әлеуметтік шиеленісудің күшеюіне алып келді. Мұндай құқықты беру – мақсат емес, тек жерді пайдалану тиімділігін арттыру үшін пайдаланатын құрал. Ауыл тұрғындарын көбірек толғандыратын мә-

селе – жерге жекеменшік орнатудан гөрі, одан алынатыны өз еңбегінен түскен нәтижеге иелік ету құқығы. Атап айтқанда, кеңінен етек алған бұрынғы тәжірибені, яғни алдымен ауылдың бар өнімін, пайдасын алып қойып, соңынан дотация, қарыздарын өтеу түрінде біртіндеп қайтарудан арылу мүмкіндігін беру қажет болады.

Қорыта келгенде, ауылшаруашылығында АӨК салаларын дағдарыстан шығару, тұрақтандырып, оның тиімділігін жаппай қамтамасыз ету тек қана меншіктік қарым-қатынастарды реттеумен қатынастарды орнату атқарылуға тиісті басқа да қыруар игілікті істердің бастамасы ғана. Әлемдік тәжірибеде жерге шексіз жекеменшіктік құқығын бермей, мемлекет және қоғамдық, мүдделердің артықшылығын қамтамасыз ететін әртүрлі ұзақ мерзімдік шектеулер бар. Ал біздің елімізде ауылшаруашылық жұмыстары орасан үлкен аумақтарда қысқа мерзім ішінде жүргізіледі. Әрі әртүрлі қазіргі заманға сай техниканың мөлшері жоқ емес бар, бірақ ол бірақ әзірге жеткіліксіз. Сондықтан егістік жерлерді өндеудің қарапайым технологиясын қолдануға тура келеді. Жағдай дегенмен, біртіндеп жақсарып келеді. Бірақ бәрібір материалдық-техникалық базаның жетіспеушілігі – ауылшаруашылық өндірісіне кедергі келтіретін негізгі себептердің бірі. Ұланғайыр даламыздағы жайқалған, әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілікті астығымыз мерейімізді тасытады. Бұл – ауыз толтырып айтатын мақтаныш. Астықтан сыртқа қол жайып отырған жоқпыз. Алайда күні бүгінге дейін шешілмей келе жатқан түйінді мәселелер баршылық. Астығы жайқалған елміз десек те, ауылшаруашылығы техникалары жөнінен сыртқа тәуелді болып отырмыз. Менің ойымша, АӨК дамыту үшін жоғарыда айтылғандай, жаңа техникамен, білікті кадрлармен қамтамасыз ету керек.

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе былай деп қорытындылауға болады, агроөнеркәсіп кешенінің инфрақұрылымдық дамуын қамтамасыз етудің маңызды аспектісі болып өзгерістерді бастауды тек агроөндіріс шеңберінде ғана емес, сонымен қатар базалық аграрлық технологияларды жаңартуды қолдау және жеңілдетуге қабілетті инфрақұрылымның ішкі жүйелерінде жүргізілуі тиіс. Сондықтан АӨК салаларының әрі қарай дамуы қаржылық, инвестициялық, сақтандыру, ақпараттық институттарды дамыту және салалық кластерлерді қалыптастыру және өнеркәсіптік инфрақұрылымдарын дамытуды талап етеді.

Әдебиеттер

- 1 Добрынин В. А. Инфраструктура сельскохозяйственного производства и ее экономическое значение. – М.: ТСХА, 1984.
- 2 Чернявский И. Ф. Инфраструктура сельскохозяйственного производства: вопросы теории и практики. – М.: Экономика, 1979 – 229 с.
- 3 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2011 жылы 11 қарашада агроөнеркәсік кешені жұмыскерлерінің Республикалық форумында сөйлеген сөзі [Электрондық ресурс] //www.akorda.kz
- 4 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы Министрлігі сайты <http://www.minagri.gov.kz/>
- 5 Толыбаев М. Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары.

References

- 1 Dobrynin VA Infrastructure agricultural production and its economic importance – M.: TAA, 1984.
- 2 Chernyavskii JF Infrastructure agricultural production: theory and practice questions. – M.: Economics, 1979 – 229 p.
- 3 President Republic of Kazakhstan Nazarbayev Words of National Forum on agricultural workers in the November 11, 2011. [Electron resource] //www.akorda.kz
- 4 Website Ministry of Agriculture of the Republic of Kazakhstan. <http://www.minagri.gov.kz/>
- 5 Tolybaev M. Deputy Minister of Agriculture.